

**КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ
АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС
УНИВЕРСИТЕТИ**



**УНИВЕРСИТЕТ
МЕЖДУНАРОДНОГО БИЗНЕСА
ИМЕНИ КЕНЖЕҒАЛИ
САҒАДИЕВА**

**Кенжеғали Сағадиев атындағы
ХБУ-дың Ғылыми Кеңесімен
БЕКІТІЛДІ
06.09.2024жылғы № 1 хаттама
Төраға А.М. Махметова**

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ЖОО-на/дан АУЫСТЫРУ, ҚАЙТА
ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ**

ЕРЕЖЕЛЕРІ

**«КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС
УНИВЕРСИТЕТИ» ЖШС**

12 БАСЫЛЫМ

Қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізілді

Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

Құжат паспорты.....	
Келісім парағы	
1. Қолданылу саласы.....	5
2. Нормативті сілтемелер.....	5
3. Негізгі терминдер мен олардың анықтамалары.....	5
4. Жалпы ережелер	6
5. Білім алушыларды басқа білім алу мекемелерінен ХБУ-ға (UIB) ауыстыру ...	9
6. Білім алушыларды ХБУ-ға (UIB) қайта қабылдау.....	10
7. Білім алушыларды ХБУ-дан (UIB) ауыстыру	
8. Білім алушыларды ХБУ-дан (UIB) шығару.....	11

Құжат паспорты

Құжат түрі	Ережелер
Құжат атауы	Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау туралы ережелер
Құжат мақсаты	«Халықаралық бизнес университеті» ЖШС-не білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау мәселелерін реттейді
Әзірлеу	Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры
Келісу	АМД директоры БББ деканы Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы Юрисконсульт
Бекіту	Ректор
Құжатты орындаушылар	Оқу процесіне тартылған Халықаралық бизнес университетінің құрылымдық бөлімшелері
Орындауды бақылау	Ректор
Ескертулер	Жоқ
Нормативті сілтемелер	- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы <i>(өзгертулер және толықтырулармен)</i> – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 Қазанда № 17657 нөмірімен тіркелді) <i>(өзгертулер және толықтырулармен)</i>. - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 нөмірімен тіркелді. <i>(өзгертулер және толықтырулармен)</i>. - Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген <i>(өзгертулер және толықтырулармен)</i>. – Білім беру қызметінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 9 қарашада № 4991 нөмірімен тіркелді <i>(өзгертулер және толықтырулармен)</i>.
Түпнұсқа иесі	СҚО

Келісім парағы

Ереже келісілді:

АМД директоры
Ж.Е. Садыкова _____
«__» _____ 2024 ж.

Базалық Білім Беру Факультетінің деканы
Г.А. Садыров _____
«__» _____ 2024 ж.

Сапаны қамтамасыз ету орталығының басшысы
К.Т. Кابدесов _____
«__» _____ 2024 ж.

ДЮС директоры
А.К.Алибекова _____
«__» _____ 2024 ж.

Әзірленді:
АМД

СҚО Project менеджері
Р.М.Дузбаева _____
«__» _____ 2024 ж.

1. Қолданылу саласы

1.1 Осы Ереже «Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті» ЖШС (бұдан әрі – ХБУ (UIB) немесе Университет) білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау және оқудан шығару тәртібін айқындайды.

2. Нормативті сілтемелер

Осы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларында келесі сілтемелер қолданылған:

2.1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы *(өзгертулер және толықтырулармен)*

2.2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 нөмірімен тіркелді) *(өзгертулер және толықтырулармен)*.

2.3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 нөмірімен тіркелді. *(өзгертулер және толықтырулармен)*.

2.4. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген *(өзгертулер және толықтырулармен)*.

2.5. Білім беру қызметінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 9 қарашада № 4991 нөмірімен тіркелді *(өзгертулер және толықтырулармен)*.

3. негізгі терминдер мен олардың анықтамалары

Термин	Определение
Академиялық еркіндік	білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану мақсатында таңдау компонентінің пәндері, оқытудың қосымша түрлері және білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша білім беру мазмұнын дербес айқындау үшін оларға берілетін білім беру процесі

	субъектілерінің өкілеттіктерінің жиынтығы;
<i>Академиялық кезең (Term) (терм)</i>	білім беру ұйымы үш нысанның бірінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, тоқсан;
<i>Академиялық кредит</i>	білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі;
<i>Транскрипт (Transcript) (транскрипт)</i>	кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде меңгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат;
<i>Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA)</i>	таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағалау балдарының цифрлық баламасына кредиттер туындылары сомасының осы оқу кезеңіндегі жұмыстың осы түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы);
<i>Білімі туралы құжаттардың нострификациясы</i>	басқа мемлекеттерде, халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында)білім алған адамдарға берілген құжаттардың баламалылығын айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;
<i>Білімі туралы құжаттарды мойындау</i>	уәкілетті органның шетелдік білім беру біліктілігінің маңыздылығын ресми растауы.

4.Жалпы ережелер

4.1 Білім алушыларды көшіру қазіргі оқу жылынан келесі оқу жылына, бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екіншісіне, бір тілдік бөлімнен екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы (грант) бойынша оқуға көшіру арқылы жүзеге асырылады. Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға көшіру оқу процесі барысында босатылған білім беру гранттарын тағайындау жолымен іске асырылады.

4.2 Білім алушыларды Президенті жанындағы білім беру ұйымдары мен ЖАОО-ларды қоспағанда, көшіру немесе қайта қалпына келтіру білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы және (немесе) лицензияға қосымшасы бар, сондай-ақ білім беру саласы бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредитациялық органдарының тізілімдері және (немесе) қауымдастықтарына енгізілген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредитациялық органдардың халықаралық мамандандырылған аккредитациясына ие ЖОО-ларда жүзеге асырылады.

4.3 Шетелдік жоғары оқу орындарынан білім алушыларды көшіру – тиісті білім деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған және (немесе) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредитациялық органдарының тізілімдері және (немесе)

қауымдастықтарына енгізілген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредитациялық органдардың халықаралық мамандандырылған аккредитациясына ие ЖОО-ларда жүзеге асырылады.

4.4 Жоғары оқу орындарының білім алушылары оқудан шығарылғаннан кейін, егер олар жеке оқу жоспарына сәйкес игерілетін бағдарламаның бірінші академиялық кезеңін (семестрін) толық аяқтаған болса, ХБУ-ға (UIB) ауыса немесе қайта қабылдана алады (2.5, 33-тармақ).

Бұл ретте білім алушы қайта қабылдау кезінде оқудан шығару мерзімдеріне қарамастан кез келген білім беру бағдарламасына ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

4.5 Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде оларды одан әрі оқыту жылын игерілген кредиттердің көлеміне қарай Академиялық мәселелер жөніндегі департамент (АМД) айқындайды.

4.6 Игерілген кредиттерді қайта есептеу білім беру бағдарламаларын, игерілген пәндер тізбесінің мазмұнын, олардың көлемін, алған білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін, сондай-ақ оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

4.7 ЖЖОКБҰ оқыту нәтижелерін қайта есептеу үшін білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде тиісті комиссия құрылады.

4.8. Оқу пәндері бойынша игерілген кредиттерді қайта есептеу кезінде қорытынды бақылау нысандарындағы айырмашылық назарға алынбайды.

4.9 Сынақ ең төменгі D (1,0; 50-54%) мен ең жоғары A (4,0; 95-100%) аралығында төрт балдық жүйе бойынша цифрлық баламаға сәйкес келетін білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесіне теңестіріледі.

4.10 Білім беру гранты немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша белгіленген ауысу балына қол жеткізген және келесі оқу жылына ауыстырылған білім алушы академиялық берешегі болған кезде оны білім беру грантын немесе мемлекеттік тапсырыс бойынша орынды сақтай отырып, ақылы негізде таратады.

4.11 Білім беру гранты бойынша білім алатын студенттер мен магистранттар білім беру грантын сақтай отырып, ХБУ-дан басқа ЖОО-ға және керісінше ауыса алады.

4.12 Студенттер мен магистранттарды ХБУ-дан ұлттық ЖОО-ға ауыстыру тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

4.13 Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытуға ауыстыру «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларына сәйкес оқу процесінде босатылған білім беру гранттарын беру жолымен жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. 2023 жылғы 25 тамыздағы бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен бірге).

4.14 Білім алушылардың ауысу және қайта қабылдау туралы өтініштерін ХБУ(UIB) бірінші басшысы жазғы және қысқы демалыс кезеңінде кезекті академиялық кезең басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей қарайды. Бұл ретте, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, соғыс уақыты туындаған жағдайда, сондай-ақ оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру және қалпына келтіру оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

4.16 Оқу жұмыс жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылық зерделенген пәндер тізбесі, олардың білім беру бағдарламалары және транскрипте көрсетілген академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемдер немесе білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама (бұдан әрі – академиялық анықтама) негізінде айқындалады.

4.17 Білім алушыларды ХБУ-ға ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде академиялық айырмашылық бакалавриат үшін жалпы білім беретін пәндердің міндетті компонентінің 25 кредитінен және магистратура үшін олар алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған оқу жұмыс жоспарларының пәндерінде жалпы білім беретін пәндердің міндетті компонентінің 15 кредитінен аспауға тиіс. Университет ішінде білім алушыны бір ББ-дан екіншісіне, бір тілдік бөлімшеден екіншісіне ауыстыру ұқсас талаптар бойынша жүзеге асырылады.

4.18 Игерілген пререквизиттерге сәйкес оқу жылы белгіленеді, білім беру бағдарламасына сәйкес игерілген кредиттерді қайта есептеу жүргізіледі;

4.19 Жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы пәндерге жазылады, академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін тапсырады, қорытынды бақылауға рұқсат алады.

4.20 Егер академиялық айырмашылық пәндері ағымдағы академиялық кезеңнің оқу сабақтарының кестесіне енгізілмеген жағдайда, білім алушы оларға жазғы семестрде жазылады.

4.21 Жазғы семестрде жойылмаған жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылық бұдан әрі академиялық қарыз ретінде ескеріледі.

5. Білім алушыларды басқа білім беру ұйымдарынан ХБУ-ға (UIB) ауыстыру

5.1 Білім алушыны басқа ЖОО-дан ХБУ/UIB-ге ауыстыру рәсімі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- ХБУ-ға ауысқысы келетін білім алушы өз ЖОО-ның бірінші басшысының атына ауысу туралы еркін нысанда өтініш береді және мөрмен бекітілген ауысуға

жазбаша келісім алғаннан кейін ХБУ-дың бірінші басшысының атына қабылдау туралы өтініш жазады;

- ХБУ бірінші басшысының атына ауыстыру туралы өтінішке тіркеуші, декан, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры (оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор, басқа университеттің ректоры қол қойған және мөрмен бекітілген) транскриптінің көшірмелері;

- ҰБТ сертификатының көшірмесі;

- білім беру гранты иегері куәлігінің форма бойынша көшірмесі (бар болса) қоса беріледі.

- университеттің бірінші басшысы АМД директорының, тіркеушінің визаларына сәйкес білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

Өтініш пен қоса берілген құжаттар АМД-ға беріледі. АМД транскриптке және аударма кезеңіне берілген білім беру бағдарламасына сәйкес пәндердің айырмашылығын анықтау және ECTS қайта есептеу үшін комиссия құрады (ECTS санындағы рұқсат етілген айырмашылық – 4.17-т.).

5.2 Университет білім алушы бұрын оқыған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ЖЖОКБҰ) өзінің жеке ісін кезекті академиялық кезең басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей жіберу туралы жазбаша сұрау жібереді. Сұрау салуға білім алушыны ауыстыру арқылы қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

5.3 Бұрын білім алушы оқыған ЖЖОКБҰ басшысы осындай сұрау салуды алғаннан кейін «Кенжеғали Сағадиев атындағы ХБУ» ЖШС-не ауысуына байланысты оқудан шығарылды» деген тұжырыммен оқудан шығару туралы бұйрық шығарады және оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде білім алушының жеке ісін ХБУ-ға жібереді.

5.4 Білім алушыны білім беру гранты негізінде басқа ЖОО-дан ХБУ-ға (UIB) ауыстыру кезінде университеттің бірінші басшысы ҚР ЖБҒМ-ға (тиісті бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне) білім алушыны қабылдау туралы

бұйрықтың көшірмесін және ЖОО-ларды қаржыландыру көлемін түзету үшін оның атына жазылған білім беру гранты куәлігінің көшірмесін ұсынады.

5.5 Білім алушыны шетелдік білім беру ұйымынан ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

- игерілген оқу бағдарламалары туралы құжат (академиялық анықтама немесе транскрипт);
- білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтетін білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтау туралы құжат;
- шетелдік білім беру ұйымдарына түсу кезіндегі түсу сынақтарының нәтижелері.

6. ХБУ-ға (UIB) білім алушыларды қайта қабылдау

6.1 Білім алушылар қатарына қабылдау тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

6.2 Қайта қабылдау рәсімі білім алушыларды басқа білім беру ұйымынан ХБУ-ға ауыстыру сияқты ережелер бойынша жүргізіледі. Бұл ретте білім алушы академиялық кезең басталғанға дейін ХБУ (UIB) бірінші басшысының атына қайта қабылдау туралы өтініш береді.

6.3 Өтініш еркін нысанда жазылады және өтінішке барлық құжаттардың түпнұсқалары қоса беріледі: транскрипт, ҰБТ сертификаты, алдыңғы білім туралы құжаттар.

6.4 Бұдан әрі тіркеуші өтініште академиялық айырмашылықты (бар болса) көрсетеді. Өтініш мақұлданған кезде білім алушыны келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 күннен кешіктірмей қайта қабылдау туралы бұйрық шығарылады.

7. Білім алушыларды ХБУ-дан (UIB) ауыстыру

7.1 Білім алушыны ХБУ-дан (UIB) басқа ЖОО-ға ауыстыру рәсімі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- Басқа ЖОО-ға ауысқысы келетін білім алушы ХБУ бірінші басшысының атына ауысу туралы еркін нысанда өтініш береді және мөрмен бекітілген ауысуға

жазбаша келісім алғаннан кейін жоғары оқу орны басшысының атына қабылдау туралы өтініш жазады;

- аударма туралы өтінішке тіркеуші, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмелері, білім беру гранты иегерінің куәлігі (бар болса) қоса беріледі;

- ХБУ-да басқа ЖОО-дан сұрау алу кезінде «басқа ЖОО-ға (атауы көрсетіледі) ауыстырумен байланысты шығарылды» деген жазуы бар бұйрық шығарылады.

- білім алушының жеке ісі бұйрық шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде кету қағазын өту рәсімінен кейін және білім алушының қаржылық қарызы болмаған кезде басқа ЖОО-ға жіберіледі.

- егер білім алушы білім беру гранты бойынша ХБУ-дан ауыстырылса, жеке іс қабылдаушы ЖОО-ға үш күннен кешіктірілмей (білім алушының кету қағазын толтыру шартымен) жіберіледі.

7.2 ХБУ-да шарттың түпнұсқасы, жіберілетін құжаттардың көшірмелері мен тізімдемесі қалады.

8. Білім алушыларды ХБУ-дан (UIV) шығару

8.1. Білім алушыны ХБУ-дан (UIV) шығару рәсімі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады: оқудан шыққысы келетін білім алушы ХБУ бірінші басшысының атына өтініш береді, оқудан шығару себебін көрсетеді:

- қаржылық қарыз;
- академиялық борыш;
- басқа қалаға көшу;
- басқа елге көшу;
- басқа университетке ауысу;
- өз қалауы бойынша.

Бұдан әрі тіркеушінің, бухгалтердің, директордың қолтаңбаларынан кейін өтініш бергеннен кейін ХБУ ректоры қол қояды.

8.2. Өтініш жазылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде білім алушыларға оқудан шығару туралы бұйрық шығарылады.

8.3. Білім алушы кету қағазын толтырады, кету қағазын тіркеушіге тапсырады және қол қою арқылы алдыңғы білім туралы құжаттардың түпнұсқасын алады.